

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН



**ҚазҰТЗУ ХАБАРШЫСЫ** \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ **ВЕСТНИК КазНУ**

**VESTNIK KazNRTU** \_\_\_\_\_

**№ 1 (131)**

будет выглядеть готовое здание. Инструкции по проекту: следуйте инструкциям AR, чтобы повысить навыки. Например, плотник увидит, куда вбивать гвоздь или как закрепить кровельную черепицу.

**Спорт.** В настоящее время профессиональные спортсмены очень серьезно относятся к своей работоспособности и здоровью. И они должны изучить все навыки и сильные стороны, чтобы победить своего противника. Это делается с помощью изучения записанных видео и анализа большого количества данных об отдельных шагах, сильных и слабых сторонах спортсменов. И вот тут появляются новейшие технологии, такие как дополненная реальность. Да, дополненная реальность позволяет вам накладывать различные данные, графики, информацию, видео и т. д. На живое видео вашей тренировки. И только соответствующая информация высвечивается на экране по мере необходимости на каждом этапе вашей тренировки.

#### ЛИТЕРАТУРА

- [1] Mark Billinghurst. Augmented Reality in Education, 2010, pp 1-2.
- [2] Kun-Hung Cheng, Chin-Chung Tsai. Affordances of Augmented Reality in Science Learning: Suggestions for Future Research, 2012, pp 3-5.
- [3] Хохлова Татьяна Юрьевна. Технология дополненной реальности в образовании, 2016.
- [4] Otilia Pasaréti, Huba Hajdú, Tamás Matuszka, András Jámbori, István Molnár, Márta Turcsányi-Szabó. Augmented Reality in education, 2010, pp 4-5
- [5] <http://blog.neolms.com/is-augmented-reality-ar-an-effective-learning-tool> , ЯНВАРЬ 19, 2017
- [6] Контроллер движения leap motion [Электронный ресурс]. – URL: <http://madrobots.ru/p/leap-motion/> (дата обращения: 05.10.2015)
- [7] Leap Motion for Virtual Reality [Электронный ресурс]. – URL: <https://www.leapmotion.com/product/vr> (дата обращения: 05.10.2015).
- [8] Попова Е.Д. Методы обработки мнений экспертов при оценке качества объектов // Вестник МГУПИ имени Ивана Федорова. – 2015. – № 6. – С. 67-71.
- [9] А. Митра У дополненной реальности проблемы с отображением. [Электронный ресурс]. – URL: <http://holographica.space/articles/blippar-1774> (дата обращения: 19.04.2016).
- [10] Wu, H.-K., Lee, S., Chang, H.-Y., Liang, J.-C.: Current Status, Opportunities and Challenges of Augmented Reality in Education. Computers & Education 62, 41–49 (2013).

Дәулетқали Ш.Т., Нұрлыбаев Т.А., Курос Басири

#### **Болашақтағы нақтылық технологиясының дамуы**

**Түйіндеме.** Бұл мақалада виртуалды 3D нысандары нақты уақыт режимінде үш өлшемді нақты уақыт жағдайында біріктірілген виртуалды шындық (AR) өрісін талқылайды. Бұл технология туризм, теледидар, білім беру, әскери дайындық сияқты адам қызметінің түрлі салаларында кеңінен қолданылады. Виртуалды және кеңейтілген шындық технологиялары зерттеулердің ең перспективалы бағыттарының бірі деп аталады. Бұл бағытты дамытудың болашақ бағыттары талқыланды.

**Түйінді сөздер:** Толықтырылған шындық, виртуалдандыру, AR, 3D нысандары

Dauletkali Sh. T., Nurlybaeyev T. A., Kouros Basiri

#### **Future development of augmented reality technology**

**Summary.** This article discusses the field of augmented reality (AR), in which virtual 3D objects are integrated into a three-dimensional real-time environment in real time. This technology is widely used in various fields of human activity, such as tourism, television, education, military training. Technologies of virtual and augmented reality are called one of the most promising areas of research. Here are discussed the future directions of development of this area.

**Key words:** Augmented Reality, virtualization, AR, 3D Objects

УДК 532.517.4

**Ш.С. Оспанова, А. Нурмуханова, А.О. Нұғыманова, Б. Рахат, Б. Болосханқызы**  
(Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы)

#### **ЖАНАРМАЙМЕН ҚАМТУ СТАНЦИЯЛАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТ САПАСЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ СЕРТИФИКАТТАУ ТӘРТІБІ**

**Аңдатпа.** Аталған жұмыс мұнай өнімдері базалары мен жанармаймен қамту станцияларын сертификаттаудың ережелерін сараптауға арналған.

Қазіргі таңда Орта Азия аймағы мемлекеттерінде мұнай өнімдерінің жеткізілуі, олардың құны, сапасы мен мұнай өнімдерімен қамтамасыз ету саласының заңнамалық аспектілерімен айқын шиеленіс бар. Сонымен қатар

жана техникалық регламенттің тағайындалуы және Кедендік одақ шегінде жұмыс атқаратын компания қызметтерінің қыр-сырлары көптеген сұрақтар туындатады. Соған байланысты күн тәртібінде өркениетті мұнай өнімдері нарығының айқын және тиімді жүйесін құру мәселесі тұр.

**Түйін сөздер.** Жанармаймен қамту станциялары, сертификаттау, сапа, автокөлік, жылжымалы ЖҚС.

Жанармаймен қамту станциялары біздің жол пейзаждарының ажырамас бөлігі мен қоғамда автокөліктердің басымдылық символына айналды. Жанармаймен қамту станциялары - жаңа мәдениет – мобильділік мәдениетінің туындысы болып табылады.

Өткен ғасыр ішінде ЖҚС біршама даму сатысынан өтті. Олардың дамуына қарап отырып, маркетингтің қоғамдық тұтынуға әсерін анық түрде көруге болады. Жанармай колонкаларының мамандандырылған «отын» дүкендері ретінде тарихы 1907 жылы АҚШ-та Сиэтл қаласында басталды. Алғашқы станциялар жанармай құйылған бөшекелер мен қол сорғылары бар ала-құла күркелер секілді болатын. Алайда, мұндай ЖҚС иелері стандарттау мен маркетингсіз бизнестің алға дамуы үшін өсіп келе жатқан бәсекелестікпен күресті осындай жолмен жеңу мүмкін еместігін түсінді. Сондықтан жиырмасыншы жылдардан бастап станцияларды безендірудің бірыңғай корпоративті стандарттары белсенді енгізіле бастады. Сол арқылы автокөлік иелері бір мекемеге тиесілі ЖҚС-ын қайдан көрсе де, бензин сапасы мен қызмет көрсету дәрежесі туралы мұнай компаниясының маркасы бойынша талдайтын болды. Сондықтан мұнай өнімдерін үлестіріп сату орындары тұтынушылардың қызығушылығын арттыру үшін маркетинг пен бизнестің барлық құралдарының алуан түрін белсенді пайдалана бастады: фирмалық стиль, жарнама, қосымша қызметтерді дамыту және т.б.

Қазақстанда жанармай құю станциясының қарамағындағы қосымша қызметтердің алғашқысы - дүкендер өткен ғасыр аяғында ғана пайда болды. Ал, батыс елдерінде керісінше, яғни, жанармай станцияларының тарихы дүкен қарамағындағы ЖҚС ретінде бастау алды.

Жиырмасыншы ғасырдың жиырмасыншы жылдары алғаш механикалық мөлшерлейтін колонкалар, ал отызыншы жылдары электр дозаторлары бар колонкалар, содан соң отын жіберілуін басқаратын жүйелер мен ЖҚС процестерін бақылау жүйелері пайда болды. Стандарттау мен бірдейлендіру ЖҚС иелерінен, әрине, қосымша қаржыландыруды талап етті. Қазіргі таңда автоматтандыру мен заманауи ақпараттық технологияларды қолданбайтын табысты ЖҚС елестету қиын.

Автокөліктерді жанармаймен қамту станциясы - мұнай өнімдерін сақтау мен бөлшектеп сату үшін жабдықталған технологиялық кешен. ЖҚС-ның төмендегідей түрлері бар:

Көпотынды ЖҚС - Аумағында көлік құралдарына отынның екі не одан көп түрлерін (бензин және дизель отыны, сұйылтылған көмірсутек газы және сығымдалған табиғи газ) тарату қарастырылған ЖҚС.

Жанармаймен қамту пункттері - мекеме аумағынды орналасып, тек қана осы мекеме көліктеріне қызмет көрсететін ЖҚС.

Дәстүрлі ЖҚС - отын сақтау резервуарларының жерасты орналасуымен сипатталатын, технологиялық сұлбасы резервуарлар мен ЖТК-ның бөлек орналасуын қамтамасыз ететін ЖҚС.

Конструкторлық орындалуы бойынша тұрақты (дәстүрлі), блокты, контейнерлі, модульді, жылжымалы болып бөлінеді.

Контейнерлі жанармай құю станциясы (КЖҚС) — резервуарларының жер үсті орналасуымен сипатталатын, көлік құралдарын әртүрлі отын түрлерімен қамтитын жанармай станциясы. Жанармай тарату колонкасы отын сақтау контейнерінде орналасады. Контейнерлі ЖҚС бірыңғай зауыттық бұйым болып табылады.

Блокты жанармай құю станциясы (БЖҚС) — резервуарларының жер асты орналасуымен сипатталатын, көлік құралдарын әр түрлі отын түрлерімен қамтитын жанармай станциясы. Жанармай тарату колонкасы отын сақтау блогының үстінде орналасады. Блокты ЖҚС бірыңғай зауыттық бұйым болып табылады.

Модульді жанармай құю станциясы (МЖҚС) — резервуарларының жер үстінде және жанармай тарату колонкасы мен отын сақтау ыдысының бөлек орналасуымен сипатталатын, көлік құралдарын әртүрлі отын түрлерімен қамтитын жанармай станциясы. Жанармай тарату колонкасы отын сақтау ыдысынан 3 м қашықтықтан жақын орналаспайды. Жанармай тарату колонкасы 1 м-ден кем емес тереңдікте жер асты бойымен жүргізілген құбырлар арқылы ыдыспен жалғасады. Модульді жанармай құю станциясы бірыңғай зауыттық бұйым болып табылады.

Жылжымалы ЖҚС – ұшқыр технологиялық жүйесі автокөлік шассиінде, тіркеме және жартылай тіркемеде орналасқан, бірыңғай зауыттық бұйым ретінде орындалған жанармайды бөлшектеп сатуға арналған ЖҚС [4].

Функционалды тағайындалуы бойынша:

- Ортақ қолданудағы;
- Ведомстволық (жанармай құю пункттері).

Сонымен қатар тарататын жанармай түрі бойынша бензиннен кейінгі орында сығымдалған табиғи газбен (CNG) қамтитын - Автокөлікті Газбен Толтыру Компрессорлы Станция (АГТКС) және сұйылтылған мұнай газы (LPG) - Автокөлікті Газбен Қамту Станциялары (АГКС) орналасады.

Біздің елімізде 4 млн. астам автокөлік тіркелген. Сондықтан, көлік жөндеу, оларға техникалық қызмет көрсету орталықтары, жанармаймен қамту станциялары қоғам өмірінде маңызды орынға ие болып отыр. Заманауи автокөлік – экологиялық емес көлік құралының үлгісі. Дұрыс күтім болмаған жағдайда, оның қоршаған ортаға, адам денсаулығына кері әсер ететіні белгілі. Сондықтан, көлік жөндеу, оларға техникалық қызмет көрсету орталықтары, жанармаймен қамту станциялары қоғам өмірінде маңызды орынға ие болып отыр. Соның ішінде автокөлік күнделікті «қоректенетін» жағар-жанармай сапасы өзекті мәселеге айналды.

2012 жылдың 15-16 қарашада Астанада өткен «Орталық Азия мұнай өнімдері нарығы: даму ба- сымдылықтары, технологиялар, ЖҚС және мұнай базаларының қондырғылары» атты III Халықаралық көрме-конференциясында өсіп келе жатқан отын нарығының қатысушылары жүздесіп, маңызды мәсе- лерді талқылауға мүмкіндік туды.

Конференцияда айтылған мәліметтер бойынша, жыл сайын қазақстандықтар 3 млн. 695 мың тонна отын тұтынады, соның ішінде 900 мың тоннасы (төрттен біріне жуық) шет елдерден импортта- лады, ал қалғаны өз елімізде өндіріледі. Бұл қазақстандық мұнай өңдеу зауыттарында өңдеу көлемі соңғы 10 жыл ішінде 80%-ға, яғни, 14 млн. тоннаға дейін артқанның өзінде орын алып отырған жағдай.

Сондықтан, бағдарламаның маңызды тармағы қазақстандық мұнай өнімдері нарығы мен отын сапасының жағдайын талқылау болды. Бізде бүкіл әлемдегідей, ЖҚС тораптарының ірілену басымды- лығы байқалуда.

Қазіргі таңда Қазақстанда шамамен 4300-ге жуық ЖҚС шоғырланған. Еліміздегі олардың ірі то- раптары мыналар: «ҚазМұнайГаз» – шамамен 280 ЖҚС және 37 мұнай өнімдері базалары, «Гелиос» – 250 ЖҚС және 14 мұнай базасы, «Sinooil» – шамамен 90 ЖҚС, 3 немесе 4 мұнай базасы, «Газпром нефть» – 30 ЖҚС, «Royal Petrol» – 36 ЖҚС [1].

Мұндай шарттарда ұсақ ойыншыларға өз бағаларымен бәсекелесу өте қиынға соғады. Бірақ, са- рапшылар атап өткендей, бұл жағдайдың салмақты артықшылықтары да бар. Осылайша, ірі тораптар ұсақ ойыншыларға қарағанда өнім сапасын біршама тиімдірек қадағалай алады және тұтынушылар үшін әр түрлі қосымша қызметтер енгізе алады.

Конференция баяндамашыларының бірі, «ҚазМұнайГаз Өнімдері» мекемесінің бизнесті дамыту департаментінің директоры Бақытжан Тасанбаев: «Біз шынында да, нарықта баға бәсекесінен бағалық емес бәсекеге, яғни өнімнің сапасы мен ассортиментін арттыру, жаңа қызмет көрсетулер тағайындау жолында атқарылатын жұмыстарға көшуді бақылап отырмыз», - деп атап өтті.

Заманауи ЖҚС-да қызмет көрсету саласы тек жағар-жанармай үлестірумен шектеліп қана қой- майды. Әдетте мұндай бекеттерде дүкен, асхана, сонымен қатар банкомат, көлік жуу, көлік жөндеу сияқты қызметтер де қоса жүреді [2-5].

Мұнай өнімдері базаларының және автокөліктерге жанармай құю станцияларының көрсететін қызметтерін сертификаттауды Қазақстан Республикасының МСЖ-да тіркеу жүйесінде белгіленген тәртіппен тіркелген және өз тіркеу облысында осындай ҚР СТ 3.5-96 «ҚР МСЖ. Көрсетілетін қызмет- терді сертификаттау. Негізгі ережелер» және ҚР СТ 3.32-2003 «ҚР МСЖ. Мұнай өнімдері базалары мен автокөліктерге жанармай құю станцияларының қызмет көрсетулерін сертификаттау тәртібі» та- лаптарына сәйкес қызметтің түрі бар сертификаттау органы атқарады.

Мұнай өнімдері базаларының және автокөліктерге жанармай құю станцияларының қызмет көр- сетулерін сертификаттау Қазақстан Республикасының мемлекеттік және мемлекетаралық стандартта- рында, заңнама актілерінде белгіленген талаптарға, азаматтардың өмірін, денсаулығын және дүние- мүлкін сақтауға, қоршаған ортаны қорғауға бағытталған санитарлық, құрылыстық және өрт қауіпсіздігі нормалары мен ережелерге сәйкес жүзеге асырылады.

Мұнай өнімдері базалары мен/немесе автокөліктерге жанармай құю станцияларында қызмет көрсету- лерді сертификаттау жөніндегі жұмыстарға төлем өтінішкер жасаған келісім негізінде жүргізіледі [6].

*Сертификаттауды жүргізу тәртібі*

Қызмет көрсетулерді сертификаттау тәртібі төмендегі блок-сұлба бойынша жүзеге асырылады. Оның кезеңдері келесідей:

1. Мұнай өнімдері базалары мен/немесе автокөліктерге жанармай құю станцияларында қызмет көрсетулерді сертификаттау бойынша тіркелген органға өтініш береді (А қосымшасы).

2. Өтінішпен бірге сертификаттау органы айқындаған құжаттардың түпнұсқалары мен көшірмелері қоса беріледі.

3. Сертификаттау жөніндегі орган өтінішті тіркейді және сертификаттауды жүргізу мүмкіндігін анықтау мақсатында оны қарайды. Өтінішті қарау және шешім қабылдау мерзімі өтініш түскен күннен бастап екі аптадан аспауға тиіс.

4. Сертификаттау туралы орган өтінішті қараған кезде:

– өтінішкердің құжаттарының қауіпсіздік талаптарына сәйкестігін талдайды және олар бойынша процестің тұрақтылығы мен сертификаттауға берілген қызмет көрсетудің сапасын белгілеу мүмкіндігін бағалайды;

– өтінішкермен бірге сертификаттау сұлбасын таңдайды;

– қызмет көрсетуді сертификаттау үшін оны тексерудің принциптері мен әдістерін анықтайды;

– сертификаттауға өтініш жасаған мұнай өнімдері базалары мен/немесе АЖС-тың қызметін пайдаланатын жеке және заңды тұлғалардан сұрастыру жүргізеді, мемлекеттік қадағалау және бақылау органдарымен өткізілетін тексеру актілерінің бар екендігін анықтайды, олардың нәтижесін талдайды.

5. Сертификаттау жөніндегі орган өтінішті қарау нәтижелері бойынша шешім қабылдайды. Нәтижесі оң шешім келісім шартымен бірге сертификаттау жұмысын жүргізу үшін өтінішкерге жіберіледі [7].

Өтінім бойынша теріс шешім қабылданған жағдайда сертификаттау жөніндегі орган өтінішкерге дәлелді себепін көрсетіп, өз еркімен бас тарту жөнінде жазбаша түрде жауап жіберіледі.

6. Сертификаттау жөніндегі жұмыстарды жүргізу тәртібі қызмет көрсетулердің нәтижесін тексеру қарастырылған сертификаттау схемасымен анықталады.

7. Мұнай өнімдері базалары мен/немесе АЖС қызмет көрсетулерін сертификаттау кезінде ҚР СТ 3.5-ке сәйкес 2, 3 және 5 сертификаттау сұлбаларын қолдану мүмкін болады [8].

8. Мұнай өнімдері базалары мен/немесе АЖС қызмет көрсетулерін сертификаттау үшін мынадай бағалауды алдын-ала қарастырады:

– жерүсті және жерасты сұйық қоймаларын орналастыруға және құрылғысына қойылатын талаптарды, қажеттілігіне қарай тексере отырып, сәулеттік-жоспарлау шешімдер, май құю алаңы, жүргізушілерге, жолаушыларға және/немесе көлік құралдарына (егер ол бар болса) сервистік қызмет көрсету үшін салынған ғимараттардың (үй-жайлар), Қазақстан Республикасында бекітілген құрылыс нормалары мен ережелерінің өрттен сақтау және санитарлық нормалардан алшақтамауы;

– аумақтың және материалды-техникалық базаның ахуалы (сұйық қоймаларды тазарту дүркінділігін және салыстырып тексеру, өлшеу құралдарын сақтау, отын мен май үлестіру колонкаларының дәлдік тобының сәйкестігі, байланыс және күзет пен шақыру дабылының бар болуы, өрт сөндіру құралдарымен, өрт деполарымен, өрт техникасымен, автоматикалық өрт сигнализациясы және өртті сөндіру жүйелерімен, ішкі және сыртқы өрт сөндіру үшін жұмсалатын су мөлшерімен, адамдарға өрт туралы жариялау құралдарымен қамтамасыз етілуі);

– сертификаттау нысанында зертханалық-аспаптық зерттеулер жүргізумен қызмет көрсететін қызметкерлердің еңбек жағдайларының жұмыс орындарында аттестаттау жүргізудегі ережемен және санитарлық нормалармен сәйкестігіне;

– міндетті талаптармен бірге нормативтік құжаттардың бар болуы;

– қызмет көрсететін қызметкерлердің кәсіпкерлік шеберлігі;

– міндетті түрде сертификаттауға жататын барлық сатылатын тауарларға арналған сәйкестік сертификатының бар болуы.

Еңбек жағдайының, техникалық және өрт қауіпсіздігінің нормативтік және техникалық құжаттардың талаптарымен сәйкестігі өтінішкерлерден алынған мемлекеттік бақылау және қадағалау қызметтері органдарының тиісті қорытындылары бойынша сертификаттау жөніндегі органның сарапшы-аудиторымен бағаланады.

Сертификаттау кезінде сатылып жатқан мұнай өнімдерінің көрсеткіші бойынша, оларды сәйкестендіруді сенімді жүргізуге мүмкіндік беретін сынақ сарапшы-аудиторының талабымен жүргізілетін қызмет көрсетулерді таңдап тексеру жүзеге асырылады.

9. Сәулеттік-жоспарлау шешімдерін бақылау кезінде сызықтық өлшемдерді өлшеу ГОСТ 7502 бойынша металл рулеткасы көмегімен жүзеге асырылады.

10. Сертификаттау жөніндегі орган жұмыстар оң нәтижелі болғанда ҚР СТ 3.5 Г, Д қосымшаларында белгіленген нысан бойынша сәйкестік сертификатын рәсімдейді, оны ҚР СТ 3.11 сәйкес Мемлекеттік тізілімде тіркегеннен кейін қолын қойғызып, өтінішкерге береді. Өтінішкер қажеттілігіне қарай сертификаттау жөніндегі органмен рәсімделген белгіленген нысандағы бланкіде сәйкестік сертификатының көшірмесін алады [10].

Сәйкестік сертификатының әрекет ету мерзімі үш жылдан асырмай сертификаттау нысанының өрттен сақтану жағдайы туралы өрт қауіпсіздігі мемлекеттік органы тұжырымының қолданылу мерзімі мен таңдап алынған сұлбаны, сапа жүйесін немесе бағалау нәтижелерін есепке ала отырып сертификаттау жөніндегі орган белгілейді.

Сәйкестік сертификатының әрекет ету мерзімі сертификаттаудың нақты сұлбасы бойынша мынадан аспау керек:

- 2 сұлба бойынша – 24 айдан;
- 3 сұлба бойынша – 12 айдан;
- 5 сұлба бойынша – 36 айдан.

Сертификаттауға ұсынылған қызмет көрсетулерге қойылатын талаптар сақталмаса және тексеру нәтижелері теріс болса, сертификаттау органы өтінішкерге себебін көрсетіп, сәйкестік сертификатын беруден бас тартатындығы туралы шешімді береді. Қызмет көрсету шарттарына немесе қызметті орындау технологиясына өзгерістер енгізілген жағдайда өтінішкер бұл жайында сертификаттау органына хабарлайды.

*Сәйкестік белгісін қолдану*

Мұнай өнімдері базалары мен/немесе АЖС қызмет көрсетулерін сәйкестік белгісімен таңбалау құқын белгіленген тәртіппен сертификаттау жөніндегі орган береді.

Сертификатталған қызмет көрсетулерді сәйкестік белгісімен таңбалау ҚР СТ 3.25-ке сәйкес қызмет көрсетуді атқарушы жүзеге асырады. Сәйкестік белгісіне қойылатын техникалық талаптар мен өлшемдері, нысандары ҚР СТ 3.1-де белгіленген [11].

Қызмет көрсетулерді атқарушы сәйкестік белгісін өзінің ресми бланкілеріне, түбіртектеріне, келісімшартқа, тапсырыс нарядтарына, т.б. қоя алады.

Сәйкестік белгісін жарнама мақсатында, баспасөз басылымдарында, жәрмеңке мен көрмелерде экспонаттарды көрсету кезінде қолдана алады.

Қызмет көрсетулерді атқарушы сертификатталған қызметтің сапасы үшін және сәйкестік белгісін ҚР-ның заңнамаларына сәйкес қолданудың дұрыстығы үшін жауапты.

Сертификатталған қызмет көрсетулерді инспекциялық бақылау сәйкестік сертификатын берген сертификаттау жөніндегі органмен, қажет болған жағдайда, мемлекеттік бақылау және қадағалау органдарын, сондай-ақ тұтынушылар өкілдіктерін тартумен келісім шарт негізінде жүзеге асырылады [12, 13].

Сертификатталған қызмет көрсетулерді инспекциялық бақылау сәйкестік сертификатының жарамды кезінде жүргізіледі және:

- инспекциялық бақылауды жүргізу үшін комиссия құруды;
- сертификатталған қызмет көрсетулер туралы ақпаратты талдауды;
- инспекциялық бақылау жүргізуді;
- бақылау нәтижелері мен қабылданған шешімді рәсімдеуді қарастырады.

Инспекциялық бақылау көлемі мен дүркінділігін сертификаттау жөніндегі орган айқындайды, бірақ, кем дегенде жылына бір рет жүргізіледі.

Жоспардан тыс инспекциялық бақылау мемлекеттік бақылау және қадағалау органдарының, тәуелсіз ұйымдардың тексерудің теріс нәтиже бергендігі жайлы ақпарат алған кезде, тұтынушылар тарапынан жасалатын қызметтің орындалуына разы болмай, шағым түскенде, сондай-ақ, сертификатталған сипаттамаға әсерін тигізе алатын нормативтік құжаттамаға немесе қызмет көрсетулер жөніндегі өндіріс технологиясына өзгеріс енгізілген жағдайда жүргізіледі.

Инспекциялық бақылаудың нәтижелері бойынша сертификаттау жөніндегі орган сәйкестік сертификатының жарамдылығын және сәйкестік белгісін қолдану құқығын мынадай жағдайларда тоқтата немесе жоя алады:

- қызмет көрсетулерді сертификаттау кезінде бақыланатын нормативтік және технологиялық құжаттар талабы бұзылғанда;
- нормативтік құжаттамаға және/немесе қызмет көрсетулер жөніндегі өндіріс технологиясына өзгеріс енгізілген жағдайда;

– өтінішкер сертификаттау жөніндегі органға қатысты келісілген өзінің қаржыға байланысты міндеттерін орындамаса;

– сертификаттау жөніндегі органға кәсіпорындарға ұсынылатын қызмет көрсетулер технологиясында немесе құрамында болған өзгерістер туралы ақпарат бермесе, сондай-ақ, жоғарыда көрсетілген ақпаратты үшінші тұлғадан алып, жоспардан тыс тексеру жүргізуде сертификаттау жөніндегі органға қарсылық танытқан жағдайда [14];

– кәсіпорын таратылып немесе қызмет көрсетулер жойылса.

Сәйкестік сертификатының жарамдылығын тоқтату және сәйкестік белгісін қолдану құқығын тоқтатуы мүмкін, егер өтінішкер түзету жасау іс-шаралары жолымен айқындалған сәйкессіздік себептерін жоя алса және сертификаттау сынағын қайта жүргізбей-ақ көрсетілетін қызметтерді нормативтік құжаттарға сай етсе.

Сәйкестік сертификатының күші жойылған қызмет көрсетулер өтінішкер түзету жасау іс-шаралары жолымен инспекциялық бақылау кезінде айқындалған тәртіп бұзушылықтарды жойғаннан кейін қайта сертификаттауға болады. Бұл жағдайда сертификаттау жөніндегі жұмыстар жаңа келісімшарт бойынша осы қызмет көрсетулерді алдыңғы сертификаттау нәтижелері есепке алынбай, жүзеге асырылады [15].

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- [1] ИСО 8402:1994 Управление качеством и обеспечение качества. Словарь
- [2] ҚР СТ 3.5-96 «ҚР МСЖ. Көрсетілетін қызметтерді сертификаттау. Негізгі ережелер»
- [3] Самсаев М. Өзара ауыстырымдылық, стандарттау, сертификаттау негіздері және техникалық өлшеу. Сапа менеджменті: оқу құралы.- Алматы: Бастау, 2008.- 262 б.
- [4] Грозный Г. А., Вашуркин Ю. Б. Строительство нефтебаз и автозаправочных станций. - М.: Недра, 1980. – С. 142.
- [5] Келесов А. А бензин-то ненастоящий // Вечерний Алматы. - 2011. - №29. – Б. 8.
- [6] Тугунов П.И., Новоселов В. Ф., Коршак А. А. и др. Типовые расчеты по проектированию и эксплуатации нефтебаз и нефтепроводов: учеб. пособие для вузов. – Уфа: Дизайн – Полиграф Сервис, 2002. – 658 с.
- [7] ҚР СТ 3.32-2003 «ҚР МСЖ. Мұнай өнімдері базалары мен автокөліктерге жанармай құю станцияларының қызмет көрсетулерін сертификаттау тәртібі»
- [8] Қазақстан мұнай энциклопедиясы. - Алматы: «Мұнайшы», 2005. - Т.2. – Б. 58.
- [9] <http://www.azskmg.kz/about/history.php> «ҚазМұнайГаз Өнімдері» АҚ электронды ақпарат көзі
- [10] Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. «Көлік құралдарына және жолаушыларға қызмет көрсету жөніндегі нысандарға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы: 13 қаңтар 2012 жылы бекітілген, №44
- [11] Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. «Өндірістік мақсаттағы ғимараттарға және құрылыстарға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы: 17 қаңтар 2012 жылы бекітілген, №93.
- [12] Қазақстан Республикасы. ҚР Заңы. Өрт қауіпсіздігі туралы: 22 қараша 2006 жылы қабылданған
- [13] «Мұнай базалары мен автожанармай құю станцияларының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламенті
- [14] Руководство для операторов заправочных станций и автогазозаправочных станций АО «ҚазМұнайГаз Өнімдері»
- [15] Kasyuk Yu.M., Druzhinin O.A., Buryukin A.F., Lepikhin A.M., Tverdokhlebov V.P., Buryukin F.A. Production safety as priority for a successful enterprise // Науч.-техн. жур. «Мир нефтепродуктов». – 2009. - №2. – С. 12-13.

Оспанова Ш.С., Нурмуханова А., Нұғыманова А.О., Рахат Б., Болосханқызы Б.

#### **Качество услуг автозаправочных станций и порядок их сертификации**

**Резюме.** Работа предназначена для изучения правил сертификации баз нефтепродуктов и АЗС. В настоящее время в Центральноазиатском регионе наблюдается напряженность в отношении правовых аспектов поставок нефтепродуктов, их стоимости, качества и поставок нефтепродуктов. В то же время назначение нового технического регламента и услуг компании, действующей в рамках Таможенного союза, вызывает много вопросов. В этой связи повесткой дня является создание прозрачной и эффективной системы рынка цивилизованных нефтепродуктов.

**Ключевые слова:** автозаправочная станция, сертификация, качество, автотранспорт, мобильная АЗС.

Ospanova Sh., Nurmukhanova A., Nugymanova A., Rakhat B., Boloskhankyzy B.

**Quality service of fuel stations and its certification**

**Summary.** This work is intended for certification of basic petroleum products and petrol stations. At present, in the Central Asian region, there is a need to address the aspect of the right aspects of petrochemicals, their cost, quality of production and delivery of petroleum products. Whether or not the new technical regulation and service company, acting in the frameworks of the slaughtered breast, calls for many questions. At present, the story is about creating a prosperous and effective system of civilized oil products.

**Key words:** fuel station, certification, quality, vehicle, mobile gas station.

УДК 351.83

**L.K. Zhankulova, S. T. Shormanov, M.K. Shakir**

(Republican Scientific Research Institute for Labor Protection of the Ministry of Labor and Social Protection of Population of the Republic of Kazakhstan, Astana, E- mail: zhankulova.l@rniiot.kz)

**ANALYSIS OF THE DYNAMICS OF INJURIES, FATAL ACCIDENTS  
AND OCCUPATIONAL HAZARDS CONSTRUCTION INDUSTRY OF THE REPUBLIC  
OF KAZAKHSTAN FOR 2012-2017**

**Abstract.** The article reviews and analyzes the dynamics of injuries, fatal accidents and occupational risks in the construction industry of the Republic of Kazakhstan for 2012-2017. Professional occupational hazards of traumatization by occupations at construction sites are identified, depending on the specifics of the work. Calculations have been made to determine the level of fatal accidents at work, per 100,000 workers in the Republic of Kazakhstan, as well as specific injuries and fatal accidents per unit investment investment in construction.

**Keywords:** injuries, fatal accidents, occupational risks, occupational safety management system, construction industry, industrial safety.

**Л. К. Жанкулова, С. Т. Шорманов, М. К. Шакир**

(РГКП Республиканский научно-исследовательский институт по охране труда Министерства труда и социальной защиты населения Республики Казахстан, Астана, Республика Казахстан,  
E- mail: zhankulova.l@rniiot.kz)

**АНАЛИЗ ДИНАМИКИ ТРАВМАТИЗМА, НЕСЧАСТНЫХ СЛУЧАЕВ СО СМЕРТЕЛЬНЫМ  
ИСХОДОМ И ПРОФЕССИОНАЛЬНЫХ РИСКОВ СТРОИТЕЛЬНОЙ ОТРАСЛИ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ЗА 2012-2017ГГ**

**Аннотация.** Проведен обзор и анализ динамики травматизма, несчастных случаев со смертельным исходом и профессиональных рисков в строительной отрасли Республики Казахстан за 2012-2017гг. Идентифицированы профессиональные риски травмирования по профессиям на строительных участках в зависимости от специфики работ. Проведены расчеты по определению уровня смертельных несчастных случаев на производстве, на 100000 работников по Республике Казахстан, а также удельного травматизма и несчастных случаев со смертельным исходом приходящегося на единицу объема инвестиционных вложений в строительство.

**Ключевые слова:** травматизм, несчастный случай со смертельным исходом, профессиональные риски, система управления охраной труда, строительная отрасль, производственная безопасность.

**Введение.**

Одним из основных приоритетов на рабочем месте является сохранение жизни и здоровья сотрудника. Вопросы экономического и экологического развития, а также вопросы промышленного и инновационного развития инфраструктуры определены в Государственной программе «Нурлы Жол», «Национальный план». Реализация институциональной программы требует от Казахстана вступления во Всемирную торговую организацию, координирования трудового законодательства Республики Казахстан в соответствии с международными требованиями и стандартами, а также профилактику травматизма путем активного внедрения системы управления рисками на каждом рабочем месте .[1].

Современная статистика динамики травматизма, несчастных случаев со смертельным исходом и профессиональных рисков в строительной отрасли Республики Казахстан характеризуется процессом непрерывного прогрессирующего. Исходя из сложившейся ситуации в сфере труда значительный рост инвестиционных вложений и занятости населения в строительном секторе экономики изучено пред-